

«ОТХК» БК» ЖШС-не қатысушылардың
кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен



12 желтоқсан 2016 жылғы хаттама

16 шілде 2014 жылғы «ОТХК» БК» ЖШС-нің
ЖАРҒЫСЫНА ЕНГІЗІЛЕТІН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

1. «Серіктестіктің органдары» 6-бабының «Қатысушылардың жалпы жиналысы» бөлімі:

1) 27-тармақта:

16) тармақшасы келесі редакцияда өзгертіліп, баяндалсын:

«16) Серіктестіктің Бас директорымен еңбек келісім-шартын жасасу, лауазымдық қызметінің көлемі мен Бас келісім-шарттың еңбекақы төлеу шарттарын анықтау;»

келесі мазмұндағы 18) тармақшамен толықтыру:

«18) нәтижесінде Серіктестік құны Серіктестік активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінен елу бір және одан көп пайыздарын құрайтын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) Серіктестіктің мәміле немесе бір-бірімен өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасуын мақұлдау туралы шешім.»

2) 29-тармақ келесі редакцияда өзгертіліп, баяндалсын:

«29. Серіктестік Қатысушыларының жалпы жиналысына шақыру және өткізуге дайындалу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес анықталады.»

3) келесі мазмұндағы 29-1 және 29-2 тармақтарымен толықтырылсын:

«29-1. Қатысушылардың кезекті немесе кезектен тыс жиналысын шақыратын Орган немесе тұлға (тұлғалар) жиналыс ашылғанға дейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей, оның өтетіні туралы Бас директор жүргізетін Қатысушылар тізілімінде көрсетілген әрбір Серіктестік Қатысушының мекенжайы бойынша жазбаша хабарлауға міндетті.

Хабарламада жиналыстың өтетін уақыты, орны, күні, шамаланған күн тәртібі, қатысушылардың жалпы жиналысының түрі (кезекті немесе кезектен тыс), жиналысты жүргізу тәртібі, сырттай дауыс беруді жүргізу тәртібі және сырттай дауыс беру рәсімі, жиналыстың сәйкес өтетін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің нормалары көрсетілуі тиіс.

«29-2. Кворум болмаған жағдайда, Серіктестік Қатысушыларының жалпы жиналысы бірінші шақырылымнан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей, қайта шақырылады.

Қайта шақырылған жиналыс Серіктестік Қатысушыларының жиналысында отырғандар немесе таныстырылғандар иеленген дауыс санына қарамастан, заңды болып табылады. Егер онда отырған немесе таныстырылған Қатысушылар жиынтығында жалпы дауыс санының жартысынан кемін иеленсе, онда мұндай жиналыс дауыстардың тек

білікті көпшілігін немесе бірауыздылықты қажет етпейтін мәселелер бойынша ғана шешімдер қабылдауға құқылы.»

4) 32-тармақ өзгертіліп, келесі редакцияда баяндалсын:

«32. Серіктестік Қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысын Бас директор өз ынтасымен немесе жиынтығында дауыстардың жалпы санынан он және одан да көп пайызды иеленетін Серіктестік Қатысушыларының ынтасымен, Серіктестіктің Бақылаушы кеңесінің, Тексеру комиссияның (сайланған жағдайда) талабы бойынша шақырады. Егер Бақылаушы кеңесінің, Ревизиялық комиссияның (ол сайланған болса) немесе Серіктестік Қатысушының талаптарына қарамастан, Бас директор Серіктестіктің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырмаса, онда оны Бақылаушы кеңес, Тексеру комиссия (сайланған жағдайда) немесе жиынтығында дауыстардың жалпы санынан 10 (он) және одан да көп пайызын иеленетін Серіктестіктің Қатысушылары өз еркімен шақыра алады.»

2. «Серіктестіктің органдары» 6-бабының «Бақылаушы кеңесі» бөлімі:

5) 44-тармақтан:

23) тармақша алып тасталсын;

24) тармақша өзгертіліп, келесі редакцияда баяндалсын:

«24) Инвестициялық, қаржы және құқықтық мәселелерге, сондай-ақ қауіпсіздік мәселелерге жауапты Бас орынбасарларды, орталық аппараты бөлімшелері басшыларын немесе аталмыш қызметтерді жеке-дара атқаратын тұлғаны, соған қоса кеніштердің басшыларын, бас есепшіні, бас инженерді тағайындау мен уәкілеттіктерін доғару;

28) тармақшасы өзгертіліп, келесі редакцияда баяндалсын:

«28) Бас директор мен оның орынбасарларына басты көрсеткіштерге жеткендері үшін жыл сайынғы сыйлықақылар төлеу талаптары мен олардың мөлшерін бекіту»

6) 46-тармағы өзгертіліп, келесі редакцияда баяндалсын:

«46. Бақылаушы кеңесі қажеттілігіне қарай отырыстар өткізеді. Бақылаушы кеңесінің отырыстары Бақылаушы кеңесінің кез келген мүшесінің немесе Серіктестік Бас директорының бастамасы бойынша шақырылады.»

Бас директор

